

ХФТАР 16.01.09

Ж.А. Жақыпов

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: zhan.zhak58@gmail.com)

Қазақ көне эпосындағы аң тілдік таңбасы

Аңдатпа. Мақала «Қазақ фольклорын тілдік-жанрлық зерттеу» тақырыбындағы гранттық ғылыми жоба жосығымен жазылды. Қазақ көне эпосының жанрлық ерекшеліктері сараланады. Жанрды ерекшелейтін - бейнелеу тәсілі, ал бейнелеу тәсілі тіл арқылы жүзеге асады. Лингвофольклортану тұрғысынан қарағанда көне эпос жанрын айқындайтын тілдік бірліктер табылады. Аң тілдік таңбасын тірек сөз ретінде алып, оның тарихын, мән-мағынасын талдағанда, танымдық жағын тұжырымдағанда қазақ көне эпосының әлемдік өнер тарихындағы «аң стилінің» қазақ халық ауыз әдебиетіндегі көрінісі екені дәлелденеді.

Түйін сөздер: лингвофольклортану, тілдік таңба, сөз, көне эпос, синкретті түбір, концепт, «аң стилі».

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-130-1-90-98>

Түсті: 15.03.20 / **Қайта түзетілді:** 24.03.20 / **Жарияланымға рұқсат етілді:** 30.03.20

Кіріспе. Фольклорды рухани жаңғыру жолына пайдалану, «ұлттық рухымыздың бойымызда мәңгілік қалуы», «ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үшін» ғылыми насихаттау, «ұлттық код, ұлттық мәдениетті сақтау» аса маңызды. Осыған орай, мақаланың мақсаты – «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жарық көрген қазақ фольклорының 100 томдығын («Бабалар сөзі») лингвофольклортану бағытымен тілдік-жанрлық тұрғыдан зерттеп, оны Қазақстан қоғамының рухани жаңғыруындағы орнын лингвистикалық тұрғыдан айқындау. Бұл мақсатқа жету үшін фольклорлық шығарманың 1) зерттелу деңгейін, 2) жанрлық ерекшеліктерін айқындау, 3) тілінің көрінеу және көмескі айғақтарының лингвистикалық сипатын талдап айқындау сияқты міндеттерді атқару керек.

Қойылған міндеттерді орындау үшін зерттеу кешенді тәсілмен жүргізіледі. Бұл кешенге сипаттамалық, салыстырмалы-тарихи, тарихи-салыстырмалы, салғастырмалық, диахрониялық-синхрониялық, психолінгвистикалық, лингвомәдени, когнитивтік, коммуникативтік әдістер, статистикалық әдістердің элементтері енгізіледі. Ғылымтанудың қағидасы бойынша, жаңалық әрқашан ғылымдардың не болмаса салалардың түйістерінен келіп шығады. Осы қағидаға сүйенсек, кешенді әдісті қолдану арқылы лингвистика мен фольклористиканы байланыстырудан жаңа нәтижелер алынады.

Зерттеу нысаны қазақ ауыз әдебиетінің жүйесінде айрықша бір жанр көне эпостар мәтіні болмақ. Айрықша дейтініміз сол мұны ертегі жанрымен астастыратын да, батырлық жырлармен байланыстыратын да жайттар бар, олардан айрықшалайтын айғақтар да жеткілікті. «Асылында, фольклордың жанрлық құрамына қарай, бірде «көне эпос», бірде «батырлық ертегі» аталып жүрген шығармалардың табиғатында оларды эпос ретінде де, ертегі ретінде де қарауға болатын екі жақтамалық сипат бар. Ол, сөз жоқ, осы жанрлардың бір-бірінен іргесін аулақ салмай, аралас-құралас жүрген кезеңін көрсетеді. Сондықтан да оларды тек қана ертегі не эпос деп дәлелдеу барысында өтпелі аралық сипаты есте тұруы тиіс. Мәселен, тіпті олардың терминдік жағынан қалай аталуында да емес, гәп оған қандай мағына сыйдыратынымызда» [1, 60 б.]. Өйткені «фольклорлық жанрлардың даму барысында, бір жағынан, олар жекеленіп, дараланып тұрса, екінші жағынан бір-бірімен туыстасып, жақындасып, ортақтасып тұрады» [2, 33 б.].

Мәселенің қойылысы. Көне эпостар әдебиеттанушылардың назарынан ХХ ғасырда тысқары қалған жоқ. А. Байтұрсынұлы бұл жанрды нысан етпегені байқалады. М.О. Әуезов кезінде ертегілерге байланысты мынадай бір құнды пайымдау жазып кеткен екен: «Қиял-ғажайып ертегілерінің ішінде қазақ халқы айтатын көне түрлерін атасақ, бұлардың ең ескілері аңшы-мергендер жайындағы ғажайып қиял ертекттері болу керек. Бұлар – «Еділ-Жайық», «Құламерген», «Жерден шыққан Желім батыр», «Аламан мен Жоламан», «Күн астындағы Күнекей» сияқты ертекттер. Мergen жайындағы ертегілермен ілес-қаралас ер-батырлар жайындағы ертегілер жүреді... Әрине, қиял-ғажайып ертегілерінде біз атаған «мерген, ер, батырларымыз» – бәрі-дағы эпоста, батыр жырларында аталған батырлардан әрірек заманда туған, тарихтан бұрынғы дәуірлер тумалары. Алыс заман айғақтары болады» [3, 220 б.]. Осындағы фольклорлық туындылар қазір көне эпостардың қатарында да бар. Ә. Марғұлан фольклорды дәуірлерге сай топтағанда көне эпосты ерте заманғы эпостар қатарынан көреді [4, 120-122 б.]. Ә. Қоңыратбаев қазақ эпостарын дәуірлей отырып, он топқа жіктейді. Осылардың қатарында біріші болып «ертегілік эпос» деген атпен «Ер Төстік», «Дотан батыр», «Құламерген, Жоямерген», «Мұңлық – Зарлық» шығармалары көрсетілген [5, 133 б.]. Бұлардың қай-қайсысында болсын көне эпостың жанрлық сипаттарын талдап дәлелдеу мақсат етілмеген. Р. Бердібай Көне эпостың жанрлық сипаты, фольклордың өзге түрлерімен байланысы, көркемдік кестесі, типологиясы туралы айтқан – Р. Бердібай. Оның көрсетуінше, көне эпостың белгілері мыналарға келіп саяды: матриархат ыдырап патриархаттық орныға бастағанын байқататын оқиғалар, ертегідегі сияқты қиял-ғажайыптық оқиғалар, мифологиялық кейпікерлер мен ұғымдар, аңшылық тірлік, анимизм, тотемизм айғақтары, адамның табиғатқа тәуелділігін байқататын сарындар, кейіпкердің тағдыр тәлкегімен сапарға аттанып батырлық әрекеттер жасауы [6, 64 б.].

Көне эпостар «Бабалар сөзінің» 52-томына енгізілген. Кітаптың «Ғылыми қосымшаларында» да жанр туралы жаңа көрсетілген жайттар баяндалады [7, 303-329 б.] (Мұнан былай мына үлгімен беріледі: БС, 52, 303-329).

Жоғарыдағы жіктемелердің қай-қайсында болсын жанрдың тілдік айғақтары ескерілмейтіні байқалады. Көне эпостың өзіндік ерекшеліктерін айқындау үшін оны лингвофольклортанулық тұрғыдан талдау мәселе етіп қойылғаны да осымен байланысты.

Талдау мен талқылау. Академик С. Қасқабасов фольклордың поэтикасы мен әлеуметтік-тұрмыстық функциясы оның жанрларын сипаттап, әдебиеттен ерекшелендіріп тұратынын атап көрсетеді [2, 25 б.]. Демек, «поэтика» бар жерде тілмен бейнелеу тәсілдерін айналып өте алмаймыз, ал «әлеуметтік-тұрмыстық функциясын» фольклорлық жанрлардың мәтіндеріндегі ақпарат түрлерін қарастырып барып айқындаймыз, ал бұл ақпарат тілдік құралдар арқылы беріледі.

Көне эпостың тілдік ерекшелігі оның матриархат ыдырап патриархаттық орныға бастағанын байқататын оқиғалардың, ертегідегі сияқты қиял-ғажайыптық оқиғалардың, мифологиялық кейпікерлер мен ұғымдардың, аңшылық тірліктің, анимизм, тотемизм айғақтарының, адамның табиғатқа тәуелділігін байқататын сарындардың, кейіпкердің тағдыр тәлкегімен сапарға аттанып батырлық әрекеттер жасауының бейнелеу құралдарының ерекшеліктерінен келіп шығады. Мәтінде осы сипаттардың берілуіне тірек болар сөздер болады. Көне эпос мәтіндерінен мұндай сөздерге аң, мерген, мыстан, айдаһар, әйел, сұлу т.б. сөздерді жатқызуға болады. Мақала көлемінің шектеулілігіне байланысты осы ерекшеліктердің ішінде аңшылық тіршіліктің лингвофольклортанулық талдау берумен ғана тоқталамыз. Көне эпос мәтіндерінде тіршілік қарекеттің негізі аңшылық екендігі туралы тілдік ақпарат беріледі:

Сол күнде алты жасқа келген екен,

Аң аулап Зарлық бала кеткен екен

(Хикаят рисала Мұңлық-Зарлық» БС, 52, 30-б.)

Тыңлаңыз, Құламерген бұрын өткен,
Ақырда мұратына о да жеткен.
Мұхиттың Ғазар деген аралында
Өнерпаз мергендікпен кәсіп еткен
Қисса Құламерген», БС, 52, 84-б.)

Қызықпен неше түрлі аңын аулап,
Өзінің аралында мекен етті
(Қисса Құламерген», БС, 52, 101-б.)

Мұны кейіпкерлердің Құламерген, Жоямерген деген есімдерінен де көруге болады. Фольклортанушы ғалым Ш. Ыбыраев: «... жалпы ежелден үзілмей келе жатқан эпикалық дәстүрге әлі толық жойыла қоймаған мифтік санаға лайық байырғы замандардың түсініктері ... жаңа эпостарға мүмкін жердің бәрінде сыналап енгізілді. Мұның белгілері антропоморфтық ..., мифтік..., тотемдік..., шаманистік..., зооморфтық... (қоюлатқан біз. – Ж.Ж.) түсініктерден айқын аңғарылады» [1, 164 б.]. Мұнан көретініміз – «аң» стилінің халық сөз өнерінде болғаны.

Осыған орай, лингвофольклортанушылар қазақ фольклорында аңды сөзбен қалай суреттеп, қалай сипаттайтынын арнайы қарастырса, құба-құп. Біздің алғашқы бір болжамымыз бойынша, «аң» сөзінің өзінің төркіні зооним деуге дәл келе қоймайтын сияқты. «Аң» сөзіне түсіндірме сөздікте мынадай мағына беріледі: «Аң1. зат. <лат. theria>. Еті мен терісі үшін ауланатын түз жануарлары.; Аң2 зат. жерг. Аққан сумен ойылған жыралы жер, шұңқыр» [ҚТӘС, 1, 525-526 б.].

Қазақ говорларында басқадай да мағыналарға ие екені байқалады: «Аң.1. (Шымк., Қызылқ., Сайр.) шұңқыр, жыра жер; 2. (Шымк., Түлк.) аңыз жер, егіндік жердің орны;3. (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары; ҚХР) ес, ақыл, пайым, түйсік; 4. (Қорда: Арал, Қарм.) сак; 5. (Түрікм., Красн.) жол үстіне кесе көлденең тұрып қалған қар» [ДС, 62 б.]. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздіктері мен этимологиялық сөздіктеріне аң сөзін талдауға азық болар айғақ табылмады. К. Қайыржан бұл сөзді «түйсінім, таным, байым, тұшыным» деген мағынадағы көне сөз деп санайды [8, 29 б.].

Махмұт Қашқари сөздігінен мынадай ақпарат алуға болады екен: «аң. I отрицательная частица нет; II птица, жир которой используется как лечебное средство» [ДТС, 46]. Көне түркі сөздігінде осы сөз түбірлес етістік берілген: «аңа.- разуметь, понимать» [ДТС, 46 б.]. Профессор Е.З. Қажыбековтің көрсетуінше, бұл – жалпытүркілік және түркіаралық синкретті түбірге жатады. Ғалым мұның көне және қазіргі түркі тілдеріндегі етістік ретіндегі мағынасы «ойлау, толғану, есте ұстау, еске түсіру, түсіну» екенін, есім ретіндегі мағынасы «ақыл, сана, парасат, қабылдағыштық, аңғарғыштық, ой» екендігін нақты деректер арқылы дәлелдейді [9, 48 б.]. Демек, жалпытүркілік түбірде аң сөзі ақыл, ес өрісіне барып саяды екен.

Қазақ тілінің жабайы жануарлар мағынасындағы аң сөзі қазіргі түркі тілдерінде, негізінен, айуан түрінде, «жыртқыш» түрінде қолданылады екен. Мұны қазіргі сөздіктердің қай-қайсынан болсын көруге болады. «Аң» атауы түркі тілдерінің біразында «сана, ақыл-ес» мағыналық өрісінің құрамында бар. Мұны түркімен, татар, қырғыз тілдерінің сөздіктерінен көруге болады: татар тілінде «аң суц 1. сознание, рассудок 2. ум, разум» (Татарско-русский онлайн словарь); қырғызша «аңзверь, дикое животное (как предмет охоты); аң уулап чыктым вышел на охоту. Аң мысль, сознание; саяси аң политическое сознание; политическое развитие; аң-сезим сознание; аң-сезимдүүлүк сознательность» (Киргизско-русский онлайн словарь).

Сөйтіп, сөздіктерді сүзгенде «аң» деген дыбыстық кешен бойынан мынадай мағыналарды табамыз: зоонимдік мағына, жер шұңқырын атайды, ақыл-ес, сана-сезім мағынасында қолданылады. Көне түркі тілінен, қазіргі түркі тілдерінен бұл сөз зоонимдік мағынаны емес, ақыл-есті таңбалайтынын байқауға болады (Көне түркі тілінде зат есім түрінде емес аң етістігі түрінде кездескенін ескертіп қояйық).

Қазіргі қазақ тілінің говорында болмаса, бұл сөз зат есім ретінде жабайы айуанның атауы ретінде ғана қалған. Алайда әдеби тілімізде бұл сөз із-түзсіз кеткен жоқ. Ақыл-ес мағынасы басқа есім мен етістіктер жасауға ықпал еткен. Оларға аңқау, аңғал, аңғырт, аңғар, аңда, аңдысияқты сөздерді жатқызуға болады. Мақсатымызға орай, осылардың ішінен етістіктердің мағыналарын көрсетіп берейік:

АҢҒАР ет. Мән-жайды түсіну, байқау, байыптау, білу.

АҢҒАРЛА ет. Барлау, байқау.

АҢҒАРТ ет. Білдіру, байқату.

АҢҒАРЫЛ ет. 1. Көріну, 2. Байқалу, біліну [ҚТӘС, 1, 527-528 б.]

АҢДА ет. 1. Аңғару, байқау, жан-жағын бақылап қарау; 2. Абайлау, алды-артын ойлау; 3. Бағалау, парқын ажырату [ҚТӘС, 1, 530-531 б.]

АҢДЫ ет. 1. Торы, ізіне түсу; соңынан қалмау; 2. Қадағалау, әр қозғалысын қалт жіббермей қарау; 3. Іздеу, бақылау; 4. Күзету, қарауылдау; 5. Күту, тосу; 6. Аңшының аулайтын аңын торуы; 7. Жыртықыштың жемтігін торуы; 8. ауыс. Бажайлау, байқау, абайлау; 9. ауыс. Бақталасу, ілігісу [ҚТӘС, 1, 535 б.]

Аң/аб/ан бір буынды бірлігінің өте көне сөз екенін дәлелдейтін ғылыми деректі профессор М. Ескееваның зерттеуінен молынан табуға болады. Тұжырымымыздың толымды дәлелденуі үшін көлемді үзінділер келтіруге тура келеді: «ab «охота, зверь» КЧ. 9; (ДТД, 32): ab albaу «охота (на диких зверей), развлечение» Тал. (Аманж. I, 96) – ескі қып. – av/aу “сеть”, құм., қар., ноғ. av, башқ., ққалп., қаз.aw. Ab/aw моносиллабы алтай тілдеріне ортақ, полисемантикалы құрылым, түркі тілдері бойынша «аңға шығу», «жабайы аң», «жабайы құс», «қуу», «қоршау», «тосқауыл», «аңду», «балық ұстауға шығу», «балық ұстайтын құрал», «аң ұстайтын құрал» т.б. (ЭСТЯ I, 61-62) мағыналарының белгілі болуы аталған тұлғаның түркі тілдері дамуының тектілік кезеңіне дейін-ақ қалыптасқан (қоюлатқан біз. – Ж.Ж.) лексема екенін білдіреді [10, 81]. аң аңла «узнать, понять, вникнуть» (СДЕ, 209). Ескі қыпшақ тілінде аң аңуі «помнить, вспомнить» (Құрыш. 85). Ескеркіштер тілінде қолданылған ап моносиллабы да аң тұлғасының фонетикалық варианты. ... аң/ап моносиллабы «ой-ойлау» кешенінің фонетика-семантикалық дамуын көрсететін тұлғалар қатарына жатады (ГИК, 111) [10, 86].

Бұл синкретті түбірдің монғол тілінде де бар екені байқалады. Қазақша-монғолша сөздікте «Аң 1. аң; 2. (ауыспалы мағынада) яргачин, араатан. АҢҒАР-У 1. анхаарах, ажиглах; 2. сэрэх, мэдрех. АҢДА-У 1. анхаарах, ажиглах, ажих; 2. болгоомжлох, сэрэмжлэх. АҢД-У 1. отох, сэм тосох, амдах, ангазлах; 2. манах, цагдах [11, 27-28 б.]. Аң сөзінің мағыналық көлемі түркі тілдерінен, қазақ тілінен алшақ емес екендігі арнайы зерттеулерден де көрінеді. Халха монғол тіліндегі аңшылық терминдерін талдаған мақалада: «ан(г) «зверь; зверек, зверье; дичь; охота» (стп.-монг. ang «зверь, ди-кое животное, дичь; охота»), агнах «охотиться» (anglaqu~angnaqu id.), ан агнах «заниматься охотой, охотиться, вести звероловный промысел» (стп.-монг. ang angnaqu id.), анчин «охотник, зверолов, ловец» (стп.-монг. angčın id.), анч нохой «охотничья собака» (стп.-монг. angčı noqai id.), анчилах «охотиться, заниматься охотой, звероловством» (стп.-монг. angčılaqu id.), ангуу-чин «охотник» (стп.-монг. angγučın id.), ангуучлал «охота» (стп.-монг. angγučılal id.), ангуучлах «охотиться» (стп.-монг. angγučılaqu id.), гөрөө «охота, звероловство» (стп.-монг. görüge «охота; дичь»), ан гөрөө «охотни-чий промысел» (стп.-монг. ang görüge id.), ан гөрөө хийх «охотиться» (стп.-монг. ang görüge kıkü id.), гөрөөл, «звероловство» (стп.-монг. görgügel id.), гөрөөлөх

«заниматься охотой, охотиться» (стп.-монг. *görügelekü id.*), гөрөөлч «зверолов, охотник» (стп.-монг. *görügelci id.*), гөрөөчин, «охотник, ловец, зверолов» (стп.-монг. *görügecin id.*), гөрөөчлих «охотиться» (стп.-монг. *görügeçilekü id.*), гөрөөсч «охотник на диких копытных животных, зверолов» (стп.-монг. *görügesüci id.*) – деген дерек бар [12, 78 б.]. Мұнан шығатын қорытынды – бұл сөздің бастауы алтай кезеңіне барып тірелетіні, прототүркілік сөз екендігі.

Жоғарыдағы тарихи-диахрониялық және лексикологиялық зерттеулердің айғақтарын, лексикографиялық айғақтарды талқылай келе, аңтілдік таңбасының бастауы прототүркілік, алтайлық кезеңге апаратыны мәлім болды, «хайуан, ақыл-ес, қарау» сияқты мағыналық кеңістіктерден орын алатынын көрдік. Бұл – қазақтың көне эпостарының жанрлық ерекшелігіне аңшылықтың негіз болуы да алыс заман айғағы екенін танытады. Солай бола тұра салыстырмалы, тарихи, сипаттамалық, құрылымдық-семантикалық зерттеулер аң сөзінің дүиетанымдық мәнін ашып бере алмайды. Сондықтан когнитивтік тіл білімінің жетістіктерін пайдалануға тура келеді.

Сөздің әрқайсысының өзіндік заңдылықтары, тіркесімділігі, лексиконы, фразеологиясы, риторикасы мен шаблондары болады, сондықтан әрбір мәдени концептінің «тілін» сипаттап, талдағанда тиісті ұғымға жетуге жол ашамыз. Мәдени концептідегі әрбір сөз ұлт мәдениетін, менталитетті бейнелейді. Осыған орай тірек концепт ұлт болмысының бір бөлшегі, сол болмысты түсінудің де тірегі болады. Осы тірек сөзді тану арқылы ұлттың жай-күйін, танымы мен тірлігін де танимыз. Когниvist В.А. Маслова мәдени ақпарат тілдің номинативті бірліктері арқылы төрт тәсілмен – «мәдени семалар», «мәдени ая», «мәдени концептілер», «мәдени коннотациямен» берілетінін, соған орай мәдени концептілерге ұлттық мәдени санаттарды жатқызады [13, 51 б.]. Осындай ұлттық мәдени санатқа аңшылықты жатқызуға әбден болады (Бұл тірек сөздің түбірі аң екенін ескерте кетейік). Осындай тірек сөздерде көрінеу және көмес мәндер болады. М. Күштаеваның көрсетуінше, «үстірт құрылым» атаулар – «қоғамдық өмірдің әр түрлі саласына, жалпы жұртшылыққа түсінікті, қолданыс аясы кең таңба. Ал «астырт құрылым» атаулар деп отырғанымыз – жалпы жұртшылыққа түсініксіз, тек белгілі бір кәсіп иелеріне, ғалымдарға, жергілікті тұрғындарға ғана түсінікті, қолданыс аясы шектеулі тілдік таңбалар» [14, 17 б.]. Когнитившіл тілтанушылардың дәлелдеуінше, халықтың өткен өмір жолынан мағлұмат беретін, белгілі бір өмір саласына қатысты жұмсалатын тілдік бірліктер көне мұраларда, ауыз әдебиетінің үлгілерінде, көркем шығармаларда кездесіп, әлеуметтік мәнділік деңгейі ұлғайып отырады. Әлеуметтік мәнділік деңгейі шектеулі астырт құрылым атауларға көбінесе мән-мағынасы қазіргі заман үшін бейақтуалданып күңгірттенген тарихи лексикаға жататын, көне салт-дәстүрмен байланысты қолданыстар жатады. Аң сөзінің әлеуметтік мәнділік деңгейі шектеулі емес сияқты болып көрінеді. Алайда, көне заман реалиясы ретінде қарасақ, бұлай демес едік.

Аң сөзінде аталмыш екі құрылым да бар. Мұның «астырт» мәні көне эпос контексінде ғана ашылады. Бұл контекст көне эпостарды ерекшелейтін матриархат ыдырап патриархаттық орныға бастағанын байқататын оқиғалар, адамның табиғатқа тәуелділігін байқататын сарындар, аңшылық өмір салты сияқты жайттармен тығыз байланысты. Демек, «аң» көне эпоста бейнеленетін заманда тек зоонимді ғана емес, ақыл-еспен, көрумен байланысты ұғымдарды қамтыған.

Б.з.б. VII-VI ғасырларда, неолит дәуіріне дейінгі, неолит және ерте темір дәуірлерінде байырғы Қазақ жерінде аңшылық негізгі тіршілік қарекеті болғаны тарихи әдебиеттерден кеңінен белгілі. Адамзат өркениетінде елеулі орны бар бұл дәуірдің бейнесі қазақтың көне эпостар мәтіндерінде берілген. Аталмыш тарихи дәуірлерде өнердегі стиль аң стилі болғаны айтылады. Көне эпос та өнер туындысы, сөз өнерінің мұрасы болғандықтан, осы стилден алшақ қарауға болмайды.

Ежелгі қазақтардың өздерін табиғаттың ажырамас бөлшегі санайтындығына тән мәдениетінің көрінісі ауыз әдебиетінен де көрініс тапқан. Қазақтардың «мұрасының жарқын көрінісі, көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі – «аң стилі» өнері. Жануарлар бейнесін тұрмыста пайдалану адам мен табиғаттың өзара байланысының символына баланып, көшпенділердің рухани бағдарын айқындап отырған. Олар жыртқыштардың, негізінен мысық тұқымдас аңдардың суретін көбірек қолданған. ... Бұл ретте аң стилі бабаларымыздың айрықша жоғары өндірістік тәжірибесі болғанын көрсетеді. Олар оюлап кескіндеуді, металмен жұмыс істеудің техникасын, соның ішінде, мыс пен қоладан балқымалар жасаудың және құймалар құюдың, жайма алтын дайындаудың күрделі әдістерін жақсы меңгерген. Жалпы, «аң стилі» феномені әлемдік өнердегі биік белестердің бірі саналады» [15]. Мұнда, әрине, аң стиліне байланысты бейнелеу (мүсін, сурет) өнері ғана ескерілген. Дей тұрсақ та «аң стилінің» сөз өнеріне де қатысы бардай көрінеді. Мұнан байқайтынмыз – өнерімізге «аң» тақырыбының енуі тым әріде жатқандығы. Әрине, көне эпосты жырлаушылар – ХХ ғасыр жыршылары. Солай бола тұра олар сол бір көне заман контексіне ене алған өнер өкілдері деуіміз керек. Бұған олардың аялық білімі жетіп тұрғанын көне эпостарды оқыған адам бірден байқайды. Ал аялық білім – коммуникативтік әрекетке қатысқандардың айтылыстарды бара-бар және толық шамада парықтау үшін тілдік таңбалардың астарында болатын материалдық және рухани өмір айғақтарын, жағдаяттық және коннотативтік айғақтарды білуі. Бұл білім тілді ұлттық-мәдени деңгейде игерудің негізі болып саналады. Осы білімнің арқасында жыршылар сол дәуірдің көркем бейнесін бере алды. Ал ол дәуірдің әдебиеттегі көркем бейнесі «аң стиліне» сәйкесетін еді. Аталмыш жырлардың мәтіндеріндегі айғақтар да осыдан хабар береді. Осының белгісін көне эпостарда қайталанып келетін тармақтардан (Мұны фольклортануда формулалылық деп атайды) да байқауға болады. Мысалы, «Көлден тартты борықты, Құланнан атты қодықты» дейтін нышанды сөзді бірнеше жырдан көруге болады. Аңшылыққа «өнер» ретінде қарайтын жайтты «Мұңлық-Зарлықтан», «Құламергеннен» жоғарыда келтірген мысалдардан көреміз. Аңның образ ретінде бейнеленуіне «Мұңлық-Зарлықтан» алынған мына бір үзіндіден көз жеткізуге болады:

Екеуіне бір киік
Ана қылып береді.
Ол киікке баланы
Бала қылып береді.
Құдыреті күшті Құдайым
Таудан алма жегізіп,
Киікті ана дегізіп,
Киік жүрді үш мезгіл
Баласындай емізіп...

(Хикаят рисала Мұңлық-Зарлық» БС, 52, 21).

Қорытынды. Сонымен, қазақтың көне эпостарындағы тірлік болмысының аңшылық, бас кейіпкерлері қаһарман батыр емес аңшы болуы оның жанрлық ерекшелігі екендігін тілдік айғақтар да дәлелдейді. Ондай тілдік айғақтарға оның бүтін сөздік құрамы емес, жекелеген тірек сөздер мен сөз тіркестері жатады. Көне эпос мәтініндегі тірек сөздердің бірі әрі бірегейі – аң сөзі. Бұл сөз көне эпос контексті арқылы ұлттық санат (категория) деңгейіне көтерілген, ұлттық-мәдени концептіге айналған. Аң тілдік таңбасының көне бастауында бір ғана синкреттік мағынада болғанын байқаймыз. Ол бағзы адамдардың ақыл-еспен қарап, көрген-баққаны, тіршілік көзі аң болған деген болжам жасауға алып келеді. Аң – олардың материалдық тіршілік пен рухани болмысында танылып идентификацияланған нәрсесі, оның әрі ақыл-есті, әрі хайуанды таңбалауы осымен байланысты. Ал

екі айырылуы (конверсиялануы) – кейінгі заман құбылысы. Қазақ көне эпосын ауыз әдебиетінің өзгеше жанры ретінде көрсететін басқа да тілдік бірліктер бар, оларды талдап таныту – лингвофольклортанудың алдында тұрған міндеттердің бірі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.
- 2 Қасқабасов С. Шығарамалары. – 1-том. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2011. – 568 б.
- 3 Әуезов М. Ертегілер. // Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959.-556 б.
- 4 Маргулан А.О. О характере и исторической обусловности казахского эпоса//Известия АН Каз ССР. Серия историческая. – 1946. – №2, -С. 7.
- 5 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.
- 6 Бердібай Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982, 62-63 б.
- 7 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2008. Т. 52. Көне эпос. – 352 б.
- 8 Қайыржан К. Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. – 480 б.
- 9 Кажобеков Е.З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алма-Ата: Наука, 1985. – С. 272.
- 10 Ескеева М. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 360 б.
- 11 Базылхан Б. Қазақша-монғолша сөздік. – Ұланбатыр, 1977. – 392 б.
- 12 Рассадин В.И, Трофимова С.М, Тувшинтогс Б. Тюрко-монгольские параллели в составе названий диких копытных животных и охоты на них в монгольских языках // Вестник Бурятского государственного университета. – 2016. – Вып. 2. – С. 68-83.
- 13 Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. – М.: Наследие, 1997. – С. 256.
- 14 Күштаева М. «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 2003. – 30 б.
- 15 Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры. [Электрон. ресурс] -URL: <https://khabar.kz/kk/zekti/item/108727-elbasy-ma-alasy> (қаралған күні: 07.02.2017).

Қысқартулар:

- БС** – Бабалар сөзі. Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2008. -512 б.
КТӘС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық, -Алматы: Арыс, 2011.
ДС – Диалектологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 б.
ДТС - Древнетюркский словарь. Ред. Н.А.Никитина, Н.П.Рычков. – Ленинград: изд. «Наука», 1968. – С. 715.
ЭСТЯ – Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука, 1974-2000.

Ж.А. Жакупов

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Языковой знак аң в жанре древнего эпоса

Аннотация. Статья написана в рамках грантового научного проекта «Жанрово-языковое исследование казахского фольклора». Определены жанровые особенности казахского древнего эпоса: способы отражения действительности, которые реализуются посредством языковых средств.

При лингвофольклористическом подходе можно выявить языковые единицы, определяющие жанр древнего эпоса. Так, проанализировав историю, семантику, выявив познавательное значение языкового знака аң, как опорного слова концепта, доказываем, что казахский древний эпос является одним из проявлений мирового искусства «звериного стиля» в казахском устном народном творчестве.

Ключевые слова: лингвофольклористика, языковой знак, слово, древний эпос, синкретичный корень, концепт, звериный стиль.

Zh.A. Zhakupov

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

The language sign аң in the Kazakh Ancient Epos

Abstract. The article was written in the framework of a grant research project on «Linguistic and genre study of Kazakh folklore». The genre features of the Kazakh Ancient Epos: ways of reflecting reality, which are realized through linguistic means are defined in the given article. It is possible to identify linguistic units that determine the genre of the ancient epic with the help of linguo-folkloristic approach. So, by giving of history and semantics, having revealed the cognitive value of the language sign аң, as a supporting word of the concept, it is proved that the Kazakh Ancient Epos is regarded as one of the manifestations of the world art of the “animal style” in Kazakh oral folk art.

Keywords: linguo-folkloristics, linguistic sign, word, ancient epos, syncretic root, concept, animal style.

References

- 1 Ybyraev Sh. Epos álemi [The world of Epos]. (Gylym, Almaty, 1993, 296 p.).
- 2 Qasqabasov S. Shyǵarmalary [Compositions] 1-tom. Zhanazyq. Árzhylyǵy zertteuler [Research for each year]. (Foliant, Astana, 2011, 568 p.).
- 3 Áuezov M. Ertegiler [Fairy tales] // Áyезov M. Árzhyldar oilary [Thoughts of different years]. (Almaty, 1959, 556 p.).
- 4 Margulan A.O. O kharakterei istoricheskoi obuslovnosti kazakhskogo eposa [About the character and historical conditionality of the Kazakh epos], Izvestiya AN KazSSR. Seriya istoricheskaya [the historical series]. 1946, №2. P. 7.
- 5 Qońyratbaev Á. Qazaq fol'klorynyń tarihy [History of Kazakh folklore]. (Ana tili, Almaty, 1991, 288 p.).
- 6 Berdibai R. Qazaq eposy [Kazakh epos]. (Almaty, Gylym, 1982, p. 62-63).
- 7 Babalar sózi [The words of the ancestors] Zhuztomdyq. Kóne epos [Ancient epos] T. 52. (Foliant, Astana, 2008, 352 p.).
- 8 Qaiyrzhan K. Sóz-sandyq [The world digital] Qazaqtyń kóne sózderi [The word of the ancient Kazakh]. («Óner» baspasy, Almaty, 2013, 480 p.).
- 9 Kazhibekov E.Z. Glagol'no-imennaya korrelyatziya gomogennyh kornei v tyurkskih yazykah [Verb-nominal correlation of homogeneous roots in Turkic languages]. (Nauka, Alma-Ata, 1985, 272 p.).
- 10 Eskeeva M. Kóne turki jáne qazirgi qypshaq tilderiniń monosillabtyq negizi [Monosyllabic basis of the ancient Turkic and modern Kipchak language]. (Arys, Almaty, 2007, 360 p.).
- 11 Bazylhan B. Qazaqsha-mongolsha sózdik [Kazakh-mongol Dictionary]. (Ulanbatyr, 1977, 392 p.).
- 12 Rassadin V.I., Trofimova S.M., Tuvshintogs B. Tyurko-mongol'skie paralleli v sostave nazvanii dikih kopytnyh zivotnyh i ohoty na nih v mongol'skih yazykah [Turkic-Mongolian Parallels in

the names of wild ungulates and hunting them in the Mongolian languages], Vestnik Buryatskogo gosudarstvennogo universiteta [Bulletin Buryat State University]. 2016. Vyp. 2. P. 68-83.

13 Maslova V.A. Vvedenie v lingvokul'turologiyu [Introduction to linguoculturology]. (Moscow, Nasledie, 1997, 256 p.).

14 Kushtaeva M. «Tary» kontzeptisiniń semantikalyq qurylymy men lingvomádeni mazmuny [Semantic structure and linguistic and cultural content of the concept “Tary”] filol. ғыl. kand. ... diss. avtoref. Almaty, 2003, P. 30.

15 Nazarbaev N.Á. Uly dalanyń zheti qyry [Seven faces of the Great Steppe]. [Electronic resource] Available at: //https://khabar.kz/kk/zekti/item/108727-elbasy-ma-alasy (Accessed: 07.02.2017)

Abbreviations:

BS – Babalar sózi [The words of the ancestors]. Zhuztomdyq [in a hundred volumes]. (Astana, Foliant, 2008, P. 512).

QÁTS – Qazaq ádebi tiliniń sózdigi [Dictionary of the Kazakh literary language] On bes tomdyq [in fifteen volumes]. (Almaty, Arys, 2011).

DS – Dialektologiyalyq sózdik. [Dialectological dictionary]. (Almaty, Arys, 2007, P. 800).

DTS – Drevnetyurkskii slovar' [Ancient Turkic Dictionary] Red. N.A. Nikitina, N.P. Rychkov. (Leningrad, Nauka, 1968, P. 715).

ESTYa – Etimologicheskii slovar' tyurkskikh yazykov [Etymological Dictionary of Turkic languages]. (Moscow, Nauka, 1974-2000).

Автор жайлы мәлімет:

Жақыпов Ж.А. – филология ғылымының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Zhakupov Zh.A. – Doctor of Philology, Professor of the Department of “Kazakh Linguistics”, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.